

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ-ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ –
ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ



БЕКІТЕМІН

Колледж директоры

Кунчаева Г.Ч.

01. 2025 жыл

КЕЛІСІЛДІ

Колледждің педагогикалық кеңесінде қаралды
және мақұлданды 30.01.2025 ж. №4 хаттама

АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ-ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ –
ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

3. Колледждегі тәртіп және оқу процесін ұйымдастыру

- 3.1. Сабақтар бекітілген оқу кестесіне сәйкес өткізіледі.
- 3.2. Білім алушылар сабақ басталғанға дейін 5 минут бұрын аудиторияда болуы тиіс.
- 3.3. Сабақ кезінде ұялы телефонды сөндіру немесе дыбыссыз режимге қою міндетті.
- 3.4. Сабақтан себепсіз қалуға және кешігуге жол берілмейді.
- 3.5. Білім алушы сабаққа келмеуінің себебін топ жетекшісіне алдын ала ескертуге міндетті.
- 3.6. Сыпайы болуға және басқа азаматтардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге.
- 3.7. Өз халқының, басқа да ұлттар мен ұлыстардың дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын құрметтеуге.

4. Киім үлгісі және жүріс-тұрыс мәдениеті

- 4.1. Білім алушылар колледж бекіткен бірыңғай киім үлгісін сақтауға міндетті.
- 4.2. Ашық, әдепсіз немесе спорттық киімдермен сабаққа келуге тыйым салынады.
- 4.3. Дау-жанжалға түсуге, дөрекі сөйлеуге және бейәдеп қылықтар жасауға тыйым салынады.

5. Колледж аумағындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау

- 5.1. Барлық білім алушылар өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша нұсқаулықтан өтеді.
- 5.2. Колледж аумағында шылым шегуге, алкогольдік және есірткілік заттарды қолдануға қатаң тыйым салынады.
- 5.3. Ғимаратта және оқу аудиторияларында тәртіп пен тазалық сақтау міндетті.

6. Ішкі тәртіп ережелерін бұзу және жауапкершілік

- 6.1. Осы Ережелерді бұзған білім алушыларға тәртіптік жаза қолданылады:
- ескерту;
 - сөгіс;
 - ата-аналармен немесе заңды өкілдермен әңгімелесу;
 - колледждің ішкі тәртіп комиссиясына шақыру;
 - колледжден шығару (ерекше жағдайларда).
- 6.2. Білім алушының тәртібі педагогикалық кеңесте қаралуы мүмкін.

7. Қорытынды ережелер

- 7.1. Осы Ереже колледж әкімшілігі тарапынан қаралып, бекітіледі.
- 7.2. Барлық білім алушылар мен қызметкерлер Ереженің мазмұнымен танысуға міндетті.
- 7.3. Ереже колледждің ресми сайтында және ақпараттық стендтерінде орналастырылады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ішкі тәртіп Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Алматы технологиялық-қаржы және инновациялық-техникалық колледжінің (бұдан әрі - Колледж) локалды нормативтік актісі болып табылады, қызмет тәртібін, мінез-құлық, өзара іс-қимыл және қарым-қатынас барысында білім алушылардың білім беру үрдісін және өзге де қызметін реттейді.

1.2. Бұл Ереже ҚР «Білім туралы» Заңы, «Білім ұйымдарының Типтік қызмет ережелері» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 17 мамыр 2013 жыл № 499 қаулысымен бекітілген), өзге де нормативтік-құқықтық актілермен және колледж Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.3. Ереже колледждің барлық білім алушыларына, педагогикалық құрамына және басқа да қызметкерлеріне міндетті болып табылады.

1.4. Колледж білім алушылары Қазақстан Республикасының заңдарын, колледждің Жарғысын, осы Ережені, ішкі тәртіп нормаларын, сондай-ақ оқу және еңбек тәртібін сақтауға міндетті.

2. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері

2.1 Колледж білім алушыларына студенттер жатады. Директордың бұйрығымен ТЖКБ білім беру бағдарламасымен оқуға қабылданған тұлға білім алушы болып табылады.

2.2. Білім алушылардың міндеттері:

- ҚР Конституциясында және «Білім туралы» Заңында қарастырылған құқықтарды жүзеге асыру;
- Колледж талаптарына сәйкес мамандығы бойынша терең теориялық білімдер мен практикалық дағдыларын меңгеруге;
- Оқу жоспарларына және кәсіби білім беру бағдарламаларына сәйкес белгіленген мерзімде орындауға қарастырылған барлық тапсырмаларды орындауға;
- Колледждің материалдық-техникалық базасын, кітапхананы, оқу және спорт залдарын пайдалану.
- Сыпайы болуға және басқа азаматтардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге.
- Қоғамға қарсы көріністерге жол бермеу. Өз халқының, басқа да ұлттар мен ұлыстардың дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын құрметтеуге.
- Оқытушылардың жеке абыройын сыйлау.
- Колледж мүлкіне, құрал-жабдықтарына мүқият қарау және сақтау. Белгіленген тәртіпке сәйкес бүлінген және сындырылған жабдықтар мен мүлікті, Колледжге келтірілген шығынды өтеу.
- Қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін бұлжытпай орындау.
- Шартта белгіленген мерзімде (ақылы топта оқитын студенттер) оқу ақысын төлеу.